


Жасыратыны жок, когамда мүмкіндігі шектеулі жандардын көп нәрсеге мүмкіндігі жок деген кате пікір элі де бар. Алайда эр пенденін бүйыратын өз несібесі бар. Біреудін колынан келмеген іс екінші адамнын колынан тууы мүмкін. Сол секілді айналадагы мүмкіндігі шектеулі азаматтардын енбекпен жетіп жаткан жұмыстарына колдау көрсетіп, шынайы бага беруді міндет санаганымыз жөн. Сондай өмірге күштар, өзгелерге үлгі-өнеге көрсетіп, кәсібінен нәсіп тауып, болашаққа биік мақсат қоя білгендердін бірі – «Pro bono» когамдық қорынын директоры Павел Горбачев. Ол Кызылорда қаласында дүниеге келген. Қаладағы 2 мектептің түлегі. Қорқыт ата атындағы Кызылорда мемлекеттік университетін азаматтық құрылыс индустриясы мамандығы бойынша тамамдаған.



- Павел, сізді мүмкіндігі шектеулі жандардын қамқоршысы, компьютер тілін жетік білетін маман ретінде танимыз.

- Жеке кәсіпкер ретінде «UNIDJEN» ЖШС ашып, Қызылорда халқына заманауи қызмет үлгісін көрсетіп келеміз. Компьютер жөндеумен, оқытумен айналысамыз. Негізі еңбек жолымды қара жүзімістен бастағанмын. Кейін қызығушылығым жана технология-ға ауып, осы іске кірісуге бел будым.- «Еңбек бәрін жеңбек» демекші, тынымсыз еңбек пен ізденістің нәтижесінде бүгін-гідей жетістікке жетіп отырмыз. Сонымен қатар, мүмкін-дігі шектеулі жандар мен аз қамтамасыз етілген отбасы мүшелері үшін тегін компьютерлік курсың ұйымдастырдық. Онда көптеген жандар бухгалтерлік, бағдарламалау ісін, ісқағаз жүргізуші курстары бо-йынша оқумен қамтылды.

- Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, жұмыс істеудің де өзіндік жүйесі, қиындықтары болады. Сіздерде бұл мәселе қалай шешілген?

- Әрине, кәсіп бастаған мекеме- бірден жанданып, аяғынан тұрып кете алмайтыны анық. Уақыттың төрелігіне бағынып, еңбектеніп, тапсырыс қабылдап, халыққа қызмет көрсетіп, жан-жақтылықтың арқасында өз-өзімізді және өзіміз секілді мүмкіндігі шектеулі 3 адамды жұмыспен қамтып отырған жайымыз бар. Олардың да жетістіктері жетерлік. Барлығы да – ән айту, би билеу сынды сайыстардан жүлделі орындар иеленіп жүрген таланттар. Қиындықтар туралы- сөз қозғамай-ақ қойсақ та болады. Ойткені табыс қозғалымыз бізге тек еңбекпен келіп отыр. Қүніне 3-5 адамнан ғана тап-сырыс түседі. Бірақ осыған да шүкір, осыған да қанағат деуден қанықпаған емеспіз.

- Мемлекеттік сатып алу қонкурсна қатысасыздар ма?

- Қатысамыз, өзіміз қызмет көрсетіп жүрген саламызға қатысты тендерлер болса, қалыс қалмауға тырысамыз. Оның қажатынын өзі жетіп артыла-ды. Кішкене анықтамадан бастап, бухгалтерлік есептер жиынтығы да қоса тапсы-рылады. Дегенмен, бұйырганың алып, соның аясында жұмыс істеп келеміз.

- Осы бағытты тандауыңызға қандай да бір себеп болды ма?

- Менің алғашқы мамандығымның құрылыс саласына тікелей- қатысы бар. Сол салада еңбек еттім. Жұмысым да жақсы- болды. Дегенмен, адам баласы өзгерісті қалайды.

«Арманс-ыз адам канатсыз күспен тен» дейді гой. Сол секілді миымда үздіксіз идеялар тұратын. Соларды бүгінгі күні рет-ретімен іске асырып келемін. Бұл бағытқа келуім де осындай қызығушылықтың нәтижесі. Оқыдым, компьютерлік сауаттылықты теренірек меңгеру бұйырды ма, салаға зейінім ашылды. Бір жағынан, адам өз-өзін дамытып, өзгеріс жасап, алға ұмтылып тұрса, барлығын сәттілік женеді емес пе? Менің бойымда осындай күш, талап болды.

- Алда қандай жоспарларыңыз бар? Тағы да тын жоба іздестіріп, өзгеріс жасағыңыз келмей ме?

- Бүгінгі жұмысым да жақсы жүріп жатыр. Өзірге тозбейтіндей кедергілер тұрған жоқ. Қосымша халыққа, оның ішінде ең осал топтарға экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметтер көрсетуге инновациялық тәсілдерді енгізу мақсатында «Pro bono» қоғамдық қорын құрып, сол бағытқа күш салудамыз. Қордың миссиясы – әлеуметтік мәселелерді шешуге, Қазақстан Республикасы азаматтарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесу. Ал алдағы жоспарларға келер болсақ, маңызды ойлар жетерлік. Өзгеріс те, өзге де мақсат-мұраттарымыз бар. Олардың өмірге келуі мен өмір-шендігін уақыт өзі көрсетеді. Ойткені, әр өзгеріс өзінің өміршендігімен күнды. Өзірге нақтылап айтпағаным дұрыс деп ойлап отырмын.

Сұхбаттасқан Н.КАЗИКЫЗЫ